

gorenje

КК

Пайдаланушы нұсқаулығы
Орнату нұсқауы
Өзгерту нұсқауы

GT641KB
GTW641KB






Алдымен осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз!

Құрметті тұтынушымыз,

Біз сіздің заманауи қондырғыларда жоғары сапалы түсінікпен өндірілген құрылғыңыздан ең жақсы тиімділікті алғаныңызды қалаймыз.

Сондықтан, құрылғыны пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны анықтамалық көз ретінде сақтаңыз. Егер сіз құрылғыны басқа біреуге берсеңіз, оны нұсқаулықпен бірге беріңіз. Пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген барлық нұсқаулар мен ескертулерге құлақ асыңыз және нұсқауларды орындаңыз.

Нұсқаулықта қолданылған пиктограммалар және олардың мағыналары:

	Пайдалану үшін маңызды ақпарат және пайдалы кеңестер
	Өмірге және мүлікке қауіпті жағдайлар туралы ескерту
	Электр тогының соғуы туралы ескерту
	Өрт қаупі туралы ескерту
	Ыстық беттер туралы ескерту

Пайдаланушы нұсқаулығы құрылғыны тез және қауіпсіз пайдалануға көмектеседі.

- Құрылғыны орнатпас және пайдаланбас бұрын пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Қауіпсіздікке қатысты нұсқауларын міндетті түрде орындаңыз.
- Сізге кейінірек қажет болуы мүмкін болғандықтан нұсқаулықты оңай қол жетімді жерде сақтаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген басқа құжаттарды да оқыңыз.

Осы пайдаланушы нұсқаулығы басқа модельдерде де қолданылуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Модельдер арасындағы айырмашылықтар нұсқаулықта нақты көрсетілген.

МАЗМҰНЫ

1.	МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	3
1.1.	Жалпы қауіпсіздік	3
1.2.	Балалардың қауіпсіздігі.....	5
1.3.	Электр жұмыстарындағы қауіпсіздік.....	5
1.4.	Пайдалану мақсаты	5
2.	ОРНАТУ	6
2.1.	Құрылғыны қолданар алдында	6
2.2.	Орнату және қосылымдар	7
2.3.	Электр қосылымы	10
2.4.	Газды қосу	10
2.5.	Газ өткізбеушілігін тексеру	12
2.6.	Соңғы тексеру.....	12
2.7.	Құрылғыны қоқысқа тастау.....	13
3.	ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ:.....	14
3.1.	Жалпы көрініс.....	14
3.2.	Сіздің кіріктірілген құрылғыңыздың техникалық сипаттамалары	14
4.	ПЛИТАНЫ ПАЙДАЛАНУ	15
4.1.	Алғаш рет пайдалану	15
4.2.	Алғаш рет тазалау	15
4.3.	Газ плитасын пайдалануға қатысты түсіндірме:.....	15
4.4.	Газды ажырату үшін қауіпсіздік аппараты	16
5.	КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ.....	16
5.1.	Жалпы ақпарат.....	16
5.2.	Басқару тақтасын тазалау.....	17
5.3.	Плитаны тазалау	17
6.	МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР	18

1. МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Бұл бөлімде адамның жарақат алуы немесе материалдық шығындар қауіпінің алдын алуға көмектесетін қауіпсіздік нұсқаулары бар. Егер осы нұсқаулар орындалмаса, кез келген кепілдік жарамсыз болады.

1.1. Жалпы қауіпсіздік

- Осы құрылғы, өздерімен бірге олардың қауіпсіздігіне жауап беретін немесе құрылғыны пайдалануға қатысты нұсқаулар беретін адам болмаса; физикалық, эмоционалдық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе білімсіз немесе тәжірибесіз адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдаланыуына арналмаған. Балаларды бақылай отырып, олардың құрылғымен ойнауына ешқашан рұқсат етпеу керек.
- Құрылғыны «Техникалық сипаттамалар» кестесіндегі мәндерге сәйкес келетін сақтандырғышпен қорғалған штепсельдік розеткаға/желіге қосыңыз.
- Трансформаторды іске қосып немесе қоспай пайдаланатын кезде, жерлендіру қондырғысын білікті электрикке орнатқызуды ұмытпаңыз. Біздің компаниямыз жергілікті ережелерге сәйкес жерлендіругіз қолданылған жағдайда туындауы мүмкін кез-келген зақым үшін жауапкершілік көтермейді.
- Егер қуат сымы/штепсели ақаулы болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Уәкілетті сервиске қоңырау шалыңыз.
- Егер құрылғыда ақау болса немесе елеулі зақым болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыға ешқандай жөндеу жасамаңыз немесе өзгертпеңіз. Дегенмен, сіз кейбір мәселелерді шеше аласыз; Мәселелерді шешуге арналған кеңестер үшін 19-бетті қараңыз.
- Құрылғыны оған су шашып немесе су құйып ешқашан жұмаңыз! Ток соғу қаупі бар!
- Дәрі қабылдау және/немесе алкогольді ішімдіктерді пайдалану секілді, сіздің ойлау қабілетіңізге әсер етуі мүмкін жағдайларда құрылғыны пайдаланбаңыз
- Орнату, техникалық қызмет көрсету, тазалау және жөндеу кезінде құрылғыны розеткадан ажырату керек.
- Орнату және жөндеу жұмыстарын әрқашан уәкілетті сервис жүзеге асыруы керек. Уәкілеттік берілмеген адамдар жасаған жұмыстардың кесірінен туындауы мүмкін зақымдар үшін өндіруші компания жауап бермейді және құрылғының кепілдігі жарамсыз болады.
- Тамақтарыңызда алкогольді қолданған кезде абай болыңыз. Алкоголь, жоғары температурада буланып, ыстық беттерге тиген кезде тұтанып кетіп өртке себеп болуы мүмкін.

- Мөрленген қалайы банклар мен шыны банкілерді қыздырмаңыз. Қысым көтеріліп, банкларды жарып жіберуі мүмкін.
- Жанғыш заттарды құрылғының жанына қоймаңыз, өйткені жұмыс кезінде шеттері ыстық болады.
- Барлық желдету түтіктерінің айналасын ашық ұстаңыз.
- Құрылғы пайдалану кезінде ыстық болуы мүмкін. Ыстық бөлшектерді, жылыту элементтерін және т.б. ұстамаңыз.
- Әр қолданғаннан кейін құрылғының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы және оның қолжетімді бөлшектері қолдану барысында қызып кетеді.
- Құрылғы қосылып тұрған кезде оны ұстамаңыз.
- Құрылғының әйнегін тазалау үшін өткір және тесетін заттарды пайдаланбаңыз, мұндай заттар сіздің құрылғыңызға зақым келтіруі мүмкін.
- Ыстық май өртке әкелуі мүмкін болғандықтан, құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қадағалауды тоқтатпаңыз.
- Өрт шыққан жағдайда, өртті сумен сөндіруге тырыспаңыз, құрылғыны дереу электрден ажыратып, дымқыл бір көрпенің көмегімен күйіп тұрған бөлікті жабыңыз.
- Бу тазартқышты қолданбаңыз.
- Егер сіздің плитаңыздың әйнегі сынған болса: Барлық оттықтарды және электр жылытқыштардың барлығын дереу сөндіріп, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз, құрылғының бетіне қол тигізбеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Плитаның әйнегін тазалау үшін бетті бұзып, әйнектің сынуына әкелетін, абразивті тазартқыш заттарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны нейлон, жанғыш және температураға төзімсіз материалдарда қолданбаңыз.
- Плитаның оттықтарына орналастырылатын кәстрөлдер үйлесімді өлшемдерде болуы керек.
- Плитаның түймелері мен иноксидті беттерін қатты, тырналайтын заттармен сүртпеңіз, скотч брайтты пайдаланбаңыз.
- Егер оттықтың жалыны кенеттен сөніп қалған болса, оттықты басқару өшіп, кем дегенде 1 минут ішінде қайта қосылмайды.

1.2. Балалардың қауіпсіздігі

Құрылғыны пайдалану кезінде және пайдаланудан кейін салқындағанша құрылғының ашық бөлшектері ыстық болады; балалардан аулақ ұстаңыз.

- ЕСКЕРТУ: Плитаның торын қолдану барысында қолжетімді бөлшектері ыстық болуы мүмкін. Жас балаларды құрылғыдан аулақ ұстау керек.
- 8 жасқа дейінгі балаларға құрылғыға ересек адамдарсыз қол тигізуге болмайды.
- Бұл құрылғыны, егер қауіпсіз пайдалану тәсілдері көрсетілген және қауіптері туралы хабардар етілген жағдайда ғана 8 жастан асқан балалар және/немесе физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой кемістігі бар адамдардың пайдалануына болады.
- Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Балалардың, тұрақты бақылауда болмаған кезде құрылғыны тазалауына және оған қызмет көрсетуіне болмайды.
- Орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Орам материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз немесе қалдықтар туралы нұсқауларға сәйкес оларды сұрыптап, қоқысқа тастаңыз.

1.3. Электр жұмыстарындағы қауіпсіздік

- Электр жабдықтары мен жүйелерінде жасалатын кез-келген жұмысты уәкілетті және білікті мамандар жүзеге асыруы керек.
- Бұл құрылғы қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған.
- Кез-келген зақым болған жағдайда құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз. Ол үшін үйдегі сақтандырғышты өшіріңіз.
- Сақтандырғыш тогының құрылғының тогына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

1.4. Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы үйде пайдалануға арналған. Оның коммерциялық мақсатта пайдаланылуына рұқсат етілмейді.

“ЕСКЕРТУ: бұл құрылғыны тек тамақ пісіру үшін пайдалануға болады. Оны бөлмені жылыту сияқты әртүрлі мақсаттарда қолдануға болмайды.”
Өндіруші, дұрыс пайдаланбау немесе тасымалдау кезінде келтірілген зақым үшін жауапкершілік көтермейді. Сіз сатып алған құрылғының қызмет ету мерзімі - 10 жыл. Бұл, құрылғының көрсетілгендей жұмыс істеуі үшін өндірушінің қажетті қосалқы бөлшектерді сақтау уақыты.

2. ОРНАТУ

2.1. Құрылғыны қолданар алдында



Электрлік және/немесе газ қондырғысы сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, білікті электрик пен сантехникті шақырып қажетті баптауларды жасатыңыз.



Құрылғы орналастырылатын жерді, сондай-ақ электрлік және/немесе газ қондырғысын дайындау тұтынушының жауапкершілігі болып есептелінеді.



Құрылғыны орнату кезінде электр және/немесе газға қатысты жергілікті стандарттарда көрсетілген ережелер сақталуы керек.



Құрылғыны орнатпас бұрын оның зақымдалмағанын тексеріңіз. Егер құрылғы зақымдалған болса, оны орнатпаңыз. Зақымдалған құрылғыдар сіздің қауіпсіздігіңізге қауіп төндіреді.



Газ жабдықтары мен жүйелеріндегі кез-келген жұмысты тіркелген және білікті адамдар жүзеге асыруы керек.



Құрылғыларда жану нәтижесінде пайда болатын газдарды шығарып тастайтын жүйе жоқ. Құрылғы, қолданыстағы орнату ережелеріне сәйкес орнатылып, қосылуы керек. Желдетуге қатысты қойылған талаптарға ерекше назар аудару керек.



Жану үшін қажетті ауа бөлмедегі ауадан алынады және шығарылған газдар тікелей бөлменің ішіне беріледі.



Бөлменің жақсы желдетілуі сіздің құрылғыңыздың қауіпсіз жұмыс істеуі үшін өте маңызды. Егер бөлмені желдетуге арналған терезелер мен есіктер болмаса, қосымша желдеткіш орнатылуы керек.






Ас үйдің ауданы 8 м^2 -ден артық болуы керек.
Ас үйдің көлемі 20 м^3 -ден артық болуы керек.



Түтін мұржасы еденнен 1,80 метр биіктікте, диаметрі 150 мм және сыртқы атмосфераға ашық болуы керек.






Желдету торы ас үй еденіне жақын сыртқы атмосфераға ашылатын түрде кем дегенде 75 cm^2 болуы керек.



2.2. Орнату және қосылымдар


2.2.1. Орнатылғанға дейін кіріктірілген плитаны дайындау




Плитаңыздың қаптамасынан шығатын полимерге төңкеріп салып силиконды тартып алыңыз.

Силиконды иноксидті құрылғыларда иноксидті бетке, ал шыны плата құрылғыларда әйнек бетіне тартыңыз.

Қаптаманың ішінен шыққан силиконды көрсетілгендей плитаның айналасына тартыңыз.




Орнату үшін аяқтарды қосу




Орнату үшін аяқтарды көрсетілгендей

6-сурет




1. Әйнек
2. Силикон тығыздағыш
3. Табандық
4. Қосылу аппараты



5. Жоғарғы табандық
6. Силикон тығыздағыш
7. Үстелдің үстіңгі тақтайы
8. Қосылу ысырмалары
9. Бұранда

Плитада сұйықтықтың қуыстар арқылы шкафқа ағып кетуіне жол бермейтін тығыздағыш бар. Бұл тығыздағышты орнату үшін, жоғарыда суреттермен сипатталғандай тығыздағышты жабыстырыңыз. Плитаңызды төңкеріп, резеңке тығыздағыштың қорғаныш жолағын алып тастап, оны плитаға жабыстырыңыз, тығыздағыштың екі ұшы да бір-біріне сәйкес келуі керек. Орнату пластиналарын бұранданың көмегімен 5-суретте көрсетілгендей етіп орнатыңыз. Содан кейін плитаны пісіру алаңындағы саңылауға салыңыз.

Құрылғының өлшемдері




GT641KB
GTW641KB

7-сурет

Плитаны орналастыру үшін үстелдің үстіңгі тақтайын кесу өлшемі 7-суретте көрсетілген. Осы өлшемдерге сәйкес кесілген үстіңгі тақтайға бұрын алдын-ала дайындаған плитаны орнатыңыз. Егер сіз плитаны кіріктірілген пеште қолданатын болсаңыз, онда пеш пен плита арасындағы ауа айналымы үшін 8 және 9-суреттерде көрсетілгендерді орындаңыз.

8-сурет



9-сурет



Құрылғыны иноксидті беттегі қорғаныс қабығын алып тастағаннан кейін қолдана бастаңыз.

2.3. Электр қосылымы



Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықталған сызықпен пайдалану керек! Өндіруші жерге тұйықтау сызығынсыз пайдаланылған жағдайда орын алуы мүмкін зақымдарға жауапты болмайды.



Кәсіби емес адамдар іске асырған орнатудан туындайтын ток соғу, қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі! Құрылғыны электр желісіне тек уәкілетті және білікті маман ғана қосуға болады және құрылғының кепілдігі тек дұрыс орнатқаннан кейін басталады.





Қуат сымның зақымдануы салдарынан электр тогының соғуы, қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі! Қуат сымын ұсақтамаңыз, бүктемеңіз немесе қыспаңыз немесе құрылғының ыстық бөлшектеріне тигізбеңіз. Егер қуат сымы зақымдалған болса, оны білікті электрик ауыстыруы керек.

- Қуат көзі туралы ақпарат құрылғының түр жапсырмасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі керек. Түр жапсырмасын құрылғының артынан немесе астынан көруге болады.
- Құрылғының байланыс кабелі техникалық сипаттамаларға және электр энергиясын тұтынуға сәйкес келуі керек;



Ток соғу қаупі бар! Электр қондырғысында қандай да бір жұмысты бастамас бұрын құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.



2.4. Газды қосу



Газ жабдықтары мен жүйелеріндегі кез-келген жұмысты уәкілетті және білікті адамдар жүзеге асыруы керек.

Орнатпас бұрын, жергілікті тарату (газ түрі мен газ қысымы) жағдайлары құрылғының параметрлеріне сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

2.4.1. Сұйылтылған мұнай газын қосу

Плитаңызда қолданылатын газ түтігі мен газ реттегішінің қауіпсіз болуына көз жеткізіңіз. Газды әкелетін түтікті плитаңыздың артындағы түтіктің ұшына салып, оны металдан жасалған қысқыш және бұрағыштың көмегімен қысыңыз. (10-сурет)

Оның қысылғанына көз жеткізіңіз.


Құрылғының газ түтігінің ұзындығы 1500 мм-ден аспауы керек.

Сұйылтылған мұнай газы үшін қолданылатын реттегіштің қысымы 300ммСС және сертификатталған болуы керек.



Газды әкелетін түтік, құрылғының артындағы ыстық бөліктен өтпеуі керек. Газ түтігі 90°C-тан (градус) температурадан аспауы керек.


Қолданудың алдында жүйенің газ жібермейтініне көз жеткізіңіз



- 1- G1/2 Емік(муфта)
- 2- Силикон төсемі
- 3- G1/2 Түтіктің кіретін жері (газ қабылдағыш)
- 4- Металл қысқыш
- 5- Газ түтігі (ішкі диаметрі 8 мм)

10-сурет

2.4.2. ТГ (табиғи газ) қосылымы



- 1- G1/2 Емік)
- 2- Силикон төсемі
- 3- G1/2 ТГ түтік (EN 14800 стандартына сай табиғи газға арналған түтік)

11-сурет

Егер сіздің құрылғыңыз табиғи газ үшін реттелген болса, құрылғыңызды тиісті табиғи газды тарату компаниясына қарайтын монтаждау компаниясына қостырыңыз. Құрылғыңыздың табиғи газ қосылымы - « $\frac{1}{2}$ ».

Құрылғыңызды сұйылтылған мұнай газынан табиғи газға немесе табиғи газдан сұйылтылған мұнай газына ауыстырғыңыз келсе, ең жақын сервиске хабарласыңыз және газды конверсиялау үшін қажетті параметрлерді орнатқызыңыз.

2.5. Газ өткізбеушілігін тексеру


Реттегішті немесе табиғи газ клапанын ашып, орнатылған қосылымға көбік сабынды судың көп мөлшерін қолданып, газдың шыққанын/шықпағанын тексеріңіз.

Ешқашан жалынмен тексермеңіз.


2.6. Соңғы тексеру

1. Қуат сымын жалғаңыз және құрылғының сақтандырғышын қосыңыз.
2. Функцияларын тексеріңіз.

2.6.1. СМГ-ТГ / ТГ-СМГ конверсиясы




12-сурет



12.1-сурет



12.2-сурет



12.3-сурет



12.4-сурет

12-суретте көрсетілгендей оттықтың қақпағы мен оттықты көтеріңіз.

12.1-суретте көрсетілгендей 7мм-лік розетка бұрағышының көмегімен инжекторды бұрап алыңыз.

12.2-суретте көрсетілгендей конверсиялатын инжекторды (D) орнатыңыз.

(1-кестені қараңыз)

12.3-суретте көрсетілгендей етіп оттықты орнына салыңыз.

Конверсиялауды қамтамасыз еткеннен кейін рет-ретімен оттықтарды жағыңыз және басқару тақтасындағы түймені шешіп алып, газ клапанындағы (12.4 кран) немесе клапан бағанасының ішіндегі бұранданы қатайту немесе босату арқылы төмен жалын мөлшерінің реттелуі қажет.

2.7. Құрылғыны қоқысқа тастау

2.7.1. Қаптаманы жою

Орам материалдары балалар үшін қауіпті. Орам материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Құрылғының орамасы, қайта өңделген материалдардан жасалған.

Қалдықтарға қатысты нұсқауларға сәйкес оларды сұрыптап қоқысқа тастаңыз. Оларды кәдімгі үй қоқысымен бірге тастамаңыз.

2.7.2. Кейінірек жүзеге асырылатын тасымалдау

- Құрылғының түпнұсқалық қорабын сақтаңыз және құрылғыны осы қорапта тасымалдаңыз. Қорапта көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Егер түпнұсқа қорабы болмаса, құрылғыны көпіршікті орауыш материалымен немесе қалың картонға орап алыңыз және мықтап байлаңыз.
- Қақпақтар мен кәстрөлдердің тірегіштерін таспамен мықтап бекітіңіз.
- Құрылғының үстіне басқа заттарды қоймаңыз. Құрылғыны тігінен тасымалдау керек.
- Тасымалдау кезінде орын алған болуы мүмкін кез-келген зақымдарға қарсы құрылғының жалпы түрін тексеріңіз.

2.7.3. Ескі құрылғыны жою

Ескі құрылғыны қоршаған ортаға зиян тигізбейтіндей етіп тастаңыз.

Бұл құрылғының үстінде, электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын бөлек жинау керектігі туралы белгі (WEEE) бар. Бұл дегеніміз, құрылғының қоршаған ортаға әсерін азайту үшін қайта өңдеу немесе бөлшектеу туралы ЕО 2002/96/ЕС Еуроодақтық нұсқауға сәйкес іс жүргізу керек екенін білдіреді. Қосымша ақпарат алу үшін жергілікті және аймақтық билік органдарына хабарласыңыз.


Бақылау астында қалдықтарды жинауға процесіне енгізілмеген электрондық құрылғылар; құрамында зиянды заттар болғандықтан, қоршаған ортаға да, адам денсаулығына да қауіп төндіреді.

Сіз құрылғыны қалай тастау туралы уәкілетті сатушыңызға немесе қалалық қоқыс жинау орталығына хабарласа аласыз.

Құрылғыны қоқысқа тастамас бұрын, алаларға қауіп төніп қалмас үшін, штепсельдік ұшты кесіп алыңыз және бар болса қақпағының құлпын сындырып тастаңыз.


3. ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ:

3.1. Жалпы көрініс



GT641KB

Кішкентай Оттық
Bb – Орташа Оттық
Cc – Үлкен Оттық
Dd – Уок оттық



GTW641KB

Aa –

3.2. Сіздің кіріктірілген құрылғыңыздың техникалық сипаттамалары

Тұтыну көрсеткіштері

	СНГ G30 30 мбар			ТГ G20 20 мбар		
	Инжектор (мм)	Қуат (кВт)	Тұтыну (г/сағ)	Инжектор (мм)	Қуат (кВт)	Тұтыну (м3/сағ)
Кішкентай Оттық	Ø0,50	1,00	73	Ø0,70	1,00	0,095
Орташа Оттық	Ø0,72	2,00	145	Ø1,03	2,00	0,190
Үлкен Оттық	Ø0,85	2,90	211	Ø1,24	2,90	0,276
Уок оттық	Ø1,00	3,80	276	Ø1,50	3,80	0,362

(тек EO) №66/2014 ережесі бойынша ақпарат

EN60350-2 (G30-30 мбар) стандарты бойынша өлшеу

Модельді сәйкестендіру	GT641KB		GTW641KB	
Плитаның түрі	Газ плитасы		Газ плитасы	
Газ оттықтарының саны	4		4	
Жылыту технологиясы	Газ оттығы		Газ оттығы	
Газдың түрі	G20	G30	G20	G30
Әрбір газ оттығы үшін энергия тиімділігі (Eegas оттығы)%-бен жартылай жылдам оттық	56,79	58,51	56,79	58,51
Әрбір газ оттығы үшін энергия тиімділігі (Eegas оттығы)%-бен жылдам оттық	54,45	54,07	-	-
Әрбір газ оттығы үшін энергия тиімділігі (Eegas оттығы)%-бен Уок оттық	-	-	52,99	52,91
Газ плитасы үшін энергия тиімділігі (Eegas плитасы),%-бен	56	57	55,5	56,6



Компания құрылғының сапасын жақсарту үшін алдын-ала ескертусіз техникалық сипаттамаларға өзгерістер енгізе алады.



Нұсқаулықтағы суреттер схемалық суреттер болып табылады және сіздің құрылғыңызға дәл сәйкес келмеуі мүмкін.



Құрылғыдағы белгілерде немесе құрылғымен бірге берілген басқа да баспа құжаттарында көрсетілген көрсеткіштер, қолданыстағы стандарттарға сәйкес зертханалық жағдайда алынған көрсеткіштер болып табылады. Бұл көрсеткіштер құрылғыны пайдалану және қоршаған орта жағдайларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

4. ПЛИТАНЫ ПАЙДАЛАНУ

4.1. Алғаш рет пайдалану

Иноксидті бетіндегі қорғаныс қабығын алып тастағаннан кейін пайдалана бастаңыз.

4.2. Алғаш рет тазалау




Кейбір жуғыш заттар немесе тазартқыш заттар құрылғы бетін зақымдауы мүмкін.

1. Орам материалдарының барлығын алып тастаңыз.
2. Құрылғының бетін дымқыл шүберекпен немесе губкамен сүртіп, құрғақ шүберекпен сүртіп кептіріңіз.

4.3. Газ плитасын пайдалануға қатысты түсіндірме:

- 1: Газ плитасының түймесін басып тұрып сағат тіліне қарсы бұраңыз және жоғары отқа қойыңыз.
- 2: Плитаңыздың ерекшелігіне сәйкес отты жағыңыз.
- 3: Жалын күйін мөлшерін қалағаныңыздай реттеңіз.
- 4: Қалағаныңыздай пісіру аяқталғаннан кейін, ыстық плитаның комфоркасын өшіру үшін, плитаның түймесін сағат тілінің бағытымен жоғарыға бұраңыз.




Тексеру:

- (1) Басыңыз
- (2) Солға бұраңыз + басып ұстап тұрыңыз
- (3) 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.



**Ыдыстың өлшемі мен газ жалынының мөлшері сәйкес келуі керек.
Газдың жалыны ыдыстың түбінен тасымайтындай етіп реттелуі керек.
Ыдысты кәстрөл тірегіштерінің дәл ортасына қойыңыз.**

4.4. Газды ажырату үшін қауіпсіздік аппараты



Жылу аппараты қауіпсіздік механизмін іске қосады және сұйықтық тасып кеткен жағдайда, жоғарғы оттықтар сөніп қалған жағдайда, газды дереу өшіреді.

- 1: Газ плитасының түймесін басып тұрып сағат тіліне қарсы бұраңыз және жоғары отқа қойыңыз.
- 2: Плитаңыздың ерекшелігіне сәйкес отты жағыңыз.
- 3: Жанғаннан кейін түймені тағы да 3-5 секунд басып тұрып қауіпсіздік жүйесінің іске қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- 4: Егер түймені басып, босатқаннан кейін жанбай қалса, сол әрекетті түймен 15 секунд басып ұстап тұрып қайталаңыз.
- 5: Жалынның мөлшерін қалағаныңыздай реттеңіз.
- 6: Қалағаныңыздай пісіру аяқталғаннан кейін плитаның комфоркасын өшіру үшін, плитаның түймесін сағат тілінің бағытымен жоғарыға бұраңыз.

5. КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

5.1. Жалпы ақпарат

Плита үнемі тазаланып тұрса, құрылғының қызмет ету мерзімі артады және жиі кездесетін мәселелер азаяды.



Ток соғу қаупі бар!

Тазалауды бастамас бұрын, ток соғу қаупін болдырмас үшін құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.



Ыстық беттер күйіктерге әкелуі мүмкін!

Тазаламас бұрын, құрылғы суығанша күтіңіз.

- Құрылғыны әр қолданған сайын мұқият тазалап отыру керек. Осылайша, тамақ қалдықтары оңай тазаланады және құрылғы кейінірек қайта қолданылған кезде бұл қалдықтардың өртенуіне жол берілмейді.
- Құрылғыны тазалау үшін арнайы тазартқыш қажет емес. Ыдыс сабынды, жылы су мен жұмсақ шүберекпен немесе губкамен тазалап, құрғақ шүберекпен кептіріңіз.

- Тазалап болғаннан кейін қалған сұйықтықтарды толығымен алып тастағаныңызға және тамақ пісіру барысында айналасына шашырап кеткен тамақтарды дереу тазалағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Тот баспайтын немесе иноксидті беттер мен тұтқаларды тазарту үшін құрамында қышқыл немесе хлор бар тазартқыш заттарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ сабынды шүберекпен және сұйық (абразивті емес) жуғыш затпен, бір бағытта сүртуге мән беріп тазалаңыз.



Кейбір жуғыш заттар немесе тазартқыш заттар бетті зақымдауы мүмкін. Абразивті жуғыш заттарды, тазартқыш ұнтақтарды/кремдерді немесе өткір заттарды пайдаланбаңыз.



Құрылғыны тазалау үшін бу тазалағыштарын пайдаланбаңыз.

5.2. Басқару тақтасын тазалау

Басқару панелі мен басқару тұтқасын дымқыл шүберекпен тазалаңыз құрғақ шүберекпен сүртіп кептіріңіз.



Басқару тақтасы зақымдалуы мүмкін! Басқару тақтасын тазалау үшін басқару тетігін шешіп алмаңыз.

5.3. Плитаны тазалау

Плитаңызды тазалау үшін арнайы плита тазартқыштың немесе басқа арнайы тазартқыш құралдардың қажеті жоқ. Плитаны әлі жылы болған кезде дымқыл шүберекпен сүртуге кеңес беріледі.



Металл
спиралдан
жасалған
губка

Тазартқыш
ұнтақ

Пеш
спрейі

Абразивті
қатты
губка

6. МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

Құрылғы жұмыс істемейді.

- ✓ Құрылғының штепселі (жерге тұйықталған) розеткаға қосылмаған болуы мүмкін. Штепселдің розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз.
- ✓ Сақтандырғыш ақаулы немесе жарылған болуы мүмкін. Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды тексеріңіз. Егер сақтандырғыш жарылған болса, оны қайтадан іске қосыңыз.

Құрылғадан от шығады, бірақ жанбайды.

- ✓ Газ бітіп қалған болуы мүмкін.
- ✓ Цилиндр клапаны немесе табиғи газ клапаны жабық болуы мүмкін.
- ✓ Егер табиғи газ қосылған үйлерде газдың шығып кетуін анықтайтын детектор болса, ол газдың шығып кетуді анықтаған және газды ажыратқан болуы мүмкін.
- ✓ Инжектор бітеліп қалған болуы мүмкін.

Жалын әлсіз.

- ✓ Цилиндрдегі газ бітіп қалған болуы мүмкін.
- ✓ Инжектор бітеліп қалған болуы мүмкін.

Құрылғы қызған және салқындаған кезде металл дыбыстары естіледі.

- ✓ Металл бөлшектер қызған кезде олар кеңейіп, дауыс шығаруы мүмкін. Бұл ақаулықтың себебі емес.

Егер сіз осы бөлімдегі нұсқауларды орындағаныңызға қарамастан мәселеңізді шеше алмасаңыз, нөміріне қоңырау шалып техникалық қолдау ала аласыз. Жұмыс істемейтін құрылғыны өзіңіз жөндеуге ешқашан тырыспаңыз.

EAC

Өнім сапасына қойылатын талаптарды мына мекен-жай бойынша жіберуіңізді сұраймыз: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бегалин қ. 19\49, Пр-во «Gorenje», тел 8 (727) 293 03 07
Претензии по качеству продукции направлять по адресу: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Бегалина, дом 19\49, Пр-во «Gorenje» 8 (727) 293 03 07



738872



738867

КК(2021)

738872-738867/VER 0/2021